

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің 60 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары– 13: дәстүрлерді сақтай отырып, болашақты құру» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 13: сохраняя традиции, создавая будущее», посвященная 60-летию Казахского агротехнического университета имени С.Сейфуллина. - 2017. - Т.1, Ч.5. - Б.169-172

## **ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ТУЫНДЫЛАРДЫ ИНТЕРЬЕРДЕ ЖОБАЛАУ**

*Сыдығалиев Д. С., Сыдығали Д. Д.*

Шығармашылық туындылар – қазіргі таңда өнердің ең әмбебап түрі. Осы тұста шығармашылық туындыларды графика арқылы түсіндіретін, безендіретін, ескертетін шығармаларымен өмір тіршілігінде жиі кездестіреміз.

Яғни туындыларды интерьерде жобалауда дизайнның ролі ерекше. Біз дизайнерлік өнерді көше белгілері, жарнамалық ақпараттар, журналдардағы иллюстрациялар, түрлі тауарларға арналған қораптарға қоса айтқанда темекі және бас ауру дәрілері, жейделердегі шығарушы фирманың логотипі және заттарды жуғанда көмектесетін нұсқау ярлықтары арқылы танимыз. Бұл қазіргі заманның феномені емес. Көшелерде жарнамалық нұсқаулықтар, эмблемалар, дүкен жақтауындағы жарнамалармен ежелгі египеттіктер, итальяндықтар және кеңестік азаматтарда жүрген.

Интерьер суретін салғанда суретші құрлыстың, үйдің ішкі бейнелік құрылымын, жай-күйін суреттеп бейнелейді. Мұнда құрылыс сәулет ғимарат бейнесінде: оның жарық-қараңғылығы, ішке түскен сәулелер, сәндік безендірулер, бөлменің ішкі тұлғасының түсі, түрі, пішіні, құрылымы, заттар орналысы т.б нақты бейнеленеді.

Интерьер сәулет өнерінің бір бөлігі ғана болып тұрып ол өзіне графика, живопись, мүсін, сәндік өнерін де қамтып оқиды. Басқа да өнер туындыларындай интерьер өнерінде негіз болады, сол негіз арқылы ол бейненің идеялық ойын, композицияның ортасын және қосымша элементтерін құрап бір тұтастықпен бірлікті сақтай отырып образды анықтап белгілеп отырады.

Дегенмен, дизайнға бірқатар функциялар тән. Солардың бірі- айырмашылықтық. Дизайн іріктейді және дифференциалдайды: ол бір компанияны, ұйымды тіпті толық саланы басқасынан ажырата алады.

Дизайнның екінші функциясы-ақпараттық. Көптеген дизайнерлік өнімдер тұтынушыға түрлі сұрақты түсіндіреді: үйректі қалай бөлшектеуді немесе жаңа туғанды қалпына калтыруды.

Ақырында, дизайнның үшінші функциясы - эмоционалды әсер ету болып табылады. Дизайнерлік жұмыстар бізде белгілі сезімдер тудырады, өзімізді қоршаған ортамызға байланыстылығымызды және ол туралы белгілі көзқарас тудырады.

Адамның шығармашылық аясы екі түрлі бағытта дамиды, бір жағынан суретте, мүсінде немесе түсте қоршаған ортаның кейбір объектілері мен құбылыстары: адамдар, жануарлар, өзгерістерді бейнелеуге тырысу болса, ал екінші жағынан табиғатта жоқ адам қиялындағы пішіндерді құрастыру.

Заттық-кеңістіктік ортаның кез-келген объектісі сіріңке этикеткасы, костюм, аспап, машина, интерьер немесе дизайнерлік элементтерімен қалалық ортаны құрағанада пішіндермен жұмыс жасалынады. Ол өз барысында функционалды талаптарға жауап беретін маңызды негізгісін табуға бағытталған.

Оның соңғы мақсаты пішіннің көркемділігіне қол жеткізу болып табылады. Толығында бұл пішін тудырудағы күрделі және тынымсыз процесс,оның ішінде тек таным мақсатында көркемдік пішін тудыру немесе формалды композицияны құруды ғана бөліп қарауға болады. Бұл процестің өту тиімділігі композицияның ұстамдылы мен логикалығында немесе қолданылған композициялық құралдарында. Бұл құралдар әр түрлі. Әрқайсысы спецификалық композициялық қасиеттерге немесе көркемдік мүмкіндікке ие. Олар басты екі түрге бөлінеді. Графикалық құралдар немесе толық графика және пластикалық құралдар немесе пластика.

Графика жазықтықта сол немесе басқа мағыналы тексттік немесе суреттік ақпаратты, сонымен қатар таза көркемдік декоративті жасалған пішіндерді беру құралы болып табылады. Графикалық құралдарға мынадай компоненттер: нүкте, сызық, тон және түс жатады. Әрқайсына толығырақ тоқталсақ.

Нүктежазықтықта графикалық акцент сияқты ерекшеленді. Өзінің салыстырмалы түрдегі шағын өлшемдеріне қарамастан, ол композицияны тұрғызуда кең мүмкіндіктерге ие болып келеді. Өте көп жағдайда ол бүкіл құрылымның орталығы болады. Композициялық құрал ретінде қарастырылып жатқан нүкте көрермендердің көңілін өзіне бағыттай алады. Барлығы оның композицияда берілу қасиетіне бағынышты: жазықтықта орналасуы, өлшеміне байланысты, силуэті, толтыру тығыздылығы, жарықтығы және т.б. Бұл мағынада ол басқа да композиция құратын графикалық құралдармен,олардың қасиеттерімен етене қиысады. Егер нүкте қасиеттерімен бұл құралдардан өзгешеленсе, онда ол композицияда бәрінен де қатты ерекшеленеді. Егер басқа құралдарға жақындаса оның доминантты мағынасын төмендейді. Онда ол басқа да құралдар қатарына қосылып басқа құралдар сияқты жалпы композицияның тең мәндегі құралына айналады.

Солай нүктенің көркемдік қасиеттері сызық, тон және түстің қасиеттерімен тұра байланысып толық реттелген графикалық жазықтықты құрады.

Сызықпішіне қарай жазықтықтағы аралықты немесе бір координаттық бағытта созылған сызықты береді. Сызықты-графикалық формалардың мінездемесі оның техникасы мен материалына байланысты болады

Тон (Дақ) сызық пен нүктеге қарағанда графикалық жазықтықтың көп бөлігін алады. Тонды қолдану арқылы графикалық композицияны құрудағы құралдардың палитрасы көбейді. Бұл палитраға сансыз және көп пішінді

тондық құралдар кіреді. Әрбір мұндай пішіннің өзіне тән спецификалық композиция-көркемдік қасиетке ие. «Құю», мысалы тегіс тондық жазықтықты береді. «Жуу» ақшыл түстен біртіндеп қараға өтуі немесе керісінше болуымен сипатталса, «шаю» жұмсақ ағындармен және т.б.

Ерекше тоқталатын графикалық композиция құралы олтүс. Жақын уақытта ғана түс туралы ғылым колористика, түс жайлы ғылым пайда болды. Түс құралдардың ішінде әсеріне байланысты ең мықтысы және ең қиыны, сондықтан оны оқуға толығырық тоқталу керек.

Әр түс немесе түстердің үйлесімін біз әр түрлі қабылдаймыз:

Оптикалық және физикалық (мысалы, қызыл түсті заттар бізге жақын көрінеді, сондықтан оларды жол белгілерінде жасыл түстен қарағанда тез бақылау және қабылдау үшін қолданады, біз үшін қызыл түс қорқыныш пен үрейдің белгісі).

Эмоциональді-психологиялық, (белгілі түстер мен гаммалар бізде белгілі эмоция мен сезімдер тудырады, мысалы табиғи көк және жасыл бізде тыныштық пен сабырлықты білдіреді, өйткені көк-бұл ашық аспан немесе тыныш теңіз, ал жасыл бізге орманды, шалғайды, жылы мезгілді ағаш пен шөптің жасыл кезің еске түсіреді.

Композициялық тұрғыдан түс көрерменде қосымша графикалық пішініне қарай эмоционалды сезімді тудыратын спецификалық құралды тудырады. Ол оның көркемдігін көрсетеді.

Физикалық күйіне қарай түс-дүниенің бөлігі. Оның физикалық қасиеттері екі түрлі факторға байланысты ашылады:спектаральді шағылыстыру немесе жарықты шығару, ал толығырақ айтқанда призмадан немесе мөлдір беттен өткен және заттың бетіндегі көлеңкесі. Бұл факторлар (шағылыстыру және көлеңкелеу ) түстің екі түрлі түрінің пайда болуын анықтайды. Бірінші түрге шағылысатын немесе жарықтық, зат еместік немесе шағылысқыш, заттық немесе көрнекі түстер кіреді. Біріншісі компьютерлік графика беретін түстерге тән, екіншісі- дәстүрлі графикалық дизайнда және заманауи полиграфияға тән.

Түс –материалды әлемнің объектілерінің бір қасиеті, көрермендік сезім сияқты қабылданатын. Осы немесе басқа түс объектіге көзқарастық қабылдауына байланысты беріледі. Түсті қабылдау көрерменнің психофизиологиялық күйіне қарай, мысалы қауіпті жағдайда күшейіп, шаршағанда төмендеуі мүмкін.

Түс қарым-қатынас құралы болып табылады. Түс сауда жасауға көмектеседі. Түс-бұл күш, кез-келген тұтынушылық тауардың сатылымын арттыратын. Дизайндың шеберлері, графиктер мен полиграфтар түстің саудада басты фактор екенін біледі, өйткені сатып аларда шешім қабылдағанда маңызды рольді атқарады. Ол сатып алушыда кайсыбір тауарға деген қызығушылығын оятатын шексіз эмоцияны тудырады.

Түсті субъективті қабылдау адамның психологиялық күйіне байланысты. Керісінше байланыста бар. Бұрынғы заманнан түстүң адамға деген спецификалық әсер өтуі белгілі. Түс аппетитке, жұмысқа қабілетілікке, назарға, қандық қысымға және басқа көптеген көпке әсер етеді.

Психологтардың айтуынша адам әр түсті белгілі қасиеттерге бөлейді, мұны жазайында ескерген жөн. Қызыл абажурлы лампасы бар бөлмеде жылы және қолайлы; ойланып көріңізші лампаны көк ауыстырғанды. Сыныптар мен мектеп дәліздерінің ақшыл қабырғалары көбірек таза болады, өйткені оқушыларды бүлдіруге шақырмайды. Ашық көк көк аспанмен байланысты бұл түс қызықты және жағымды эмоцияларды тудырады.

Түс эмоционалды көркем, ол жеңілдік пен ауырлық, шаттық пен реніш, қайғы мен қуанышты тудырады. Кеңістіктің өлшемдері мен тереңдігін қабылдау түске байланысты, бір түстер алдыға жылжыса, басқасы артқа кетеді. Қызыл, сарғыш, сары түстерді адам жылы; көк пен фиолетті түсті-суық деп қабылдайды. Жасыл түс-бейтарап, оның жылы және суық түстері бар. Жылы түстер жарқын көңіл тудырады, оларды активті деп атайды, суық (пассивті) керісінше

Кез келген суретші мен дизайнер түспен жұмыс жасағанда өзінің субъективті сезімін басшылыққа алатының жасыруға болмайды, бірақ та әлемнің әйгілілері түспен жұмыс жасауға көңіл бөлген, мысалы Роден Матисс және басқа да шеберлер түстік композицияны логикалық түрде ойлаған жұмыс барсыныда жүзеге асырған немесе керек емес болғанын лақтырған. Бірақ егер суретші жұмыс барысында түске субъективті ғана емес логикалық қараса, дизайнердің жемісті жұмысы үшін бұл өмірлік маңызды.

Жалпы интерьер салғанда екі түрде орындау мүмкін: фронталь және бұрыштық.

Интерьер фронталь күйде салғанда ең алғаш қарсы алдыда тұрған қабырғаны тура ортасынан төрт бұрыштап салады. Содан соң, көлбеу, қисық сызықтармен басқа қабырғаларда, еден және шаңырақты перспективалық заңдылықтарды сақтай отырып салып алады. Бұл жағдайда барлық жан-жақты қабырғалар, еден, шаңырақ көлденең сызықтары түйіндесу нүктесінде бір-бірімен қиылысады.

Бөлме перспективасын құрып алғаннан соң бөлмедегі келесі бөлшектер, бөлме жиһаздары салынады. Жіңішке сызықтармен әр заттың тұрған орны өлшемі анықталып белгіленеді. Әр заттың геометриялық пішінінде тұлғасы анықталады.

Интерьерді бұрыштық жағдайда салғанда сурет бөлме бұрышының вертикаль қабырғалары қиылысу түзуінен басталады. Осы сызық арқылы бүйірлік қабырғалар, еден, шаңырақ перспективалық суреттері екі қиылысу нүктелері арқылы салынады. Салынған кеңістік перспектива бұрыштық интерьер ішіндегі жеке бөлшектерді, бөлме заттарын салуға мүмкіндік береді. Бұл заттарды салғанда беттік жақтарынан емес, керісінше ең жақын қабырғалар қиылысу вертикаль сызығынан бастап салады.

Жоғарыда жазылған бөлімдердегідей интерьер композициясының салу, бейнелеу ерекшеліктері күрделі жағдайларды шешуді талап етеді. Мысалы: интерьер салуда жоғарыда айтылғандай, сызықтық және ауа перспективасы заңдылықтары, заттар мен бөлшектер орналасуының сан қырлылығы, тондық, түстік, көлемдік, өлшемдік қатынастардың сан алуандығы, биіктік

және жабық кеңістіктің шектеулігі осының бәрі үлкен бөлімді, суреткерлік шеберлікті талап етеді.

Жалпы осы мәселелер білімгерлердің көркем-эстетикалық қабылдаушының, көркем-образдық орындаушының шеберліктерін дамытып отырады.

Жұмыста интерьерді көркем безендіруде өнер түрлерінің композициясын қолдануды, оны орындау жолдары қарастырылады. Бейнелеу өнері тәсілмен орындау барысында интерьер кеңістігінің экспозициялық құрылымын нақты дәл анықтауға тырыстық.

### **Әдебиеттер тізімі**

1. Pezo von Ellrichshausen. Crux Pavilion. Japan Architecture and Urbanism. July 2013 Monthly; ISSN: 0389-9160

2. Герчук Ю.Я. Основы художественной грамоты: Язык и смысл изобразительного искусства: Учебное пособие. М.: Учебная литература, 1998. - 208 с.

3. Миронова Л.Н. Цвет в изобразительном искусстве: Пособие для учителей. - 2-е изд. / Л.Н. Миронова. Мн.: Беларусь, 2003. — 151 с.